

Ыстық тамақпен оқушыларды қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы  
мәлімет

2025-2026 оқу жылы

Жаңа оқу жылында мектебімізде 1104 оқушыны құрады. Ақмола облыстық мәслихаты сессиясының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 8С-2-2 шешімімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шыққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға мен тәрбиеленушілерге және ата-анасының камкорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек керсетуде бөлінетін қаражатты бағыттау, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту» туралы, сондай-ақ ыстық тамақпен қамтылуға қатысты тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 71-ді құрап отыр және тегін тамақтанатын 1-4 сыныптар тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Оқушылардың асханаға баруы кестесі құрылды. Барлық оқушылар бір аусымда оқытылады.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ділмұқаш А.Ж бақылап, тексеріп отырады.

Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Орындаған: Әлеу.педагог Тастыбаева З.С